

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІЛІК ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТШІЛ ТҰЛҒА ИДЕЯСЫ

\*Ошақбаева Ж.Б.<sup>1</sup>.

<sup>1</sup>философия ғылымдарының кандидаты, бас ғылыми қызметкер  
БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты,  
Алматы, Қазақстан, [zhazira\\_beka@mail.ru](mailto:zhazira_beka@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ халқының өз мемлекеттілігін құру жолындағы саяси күресі, қазақ хандығының құрылуы, оның ішкі саяси дамуы, саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани байланыстары, иерархиялық қатынастары, өзінің саяси құндылықтар жүйесінің түзілуі, халықтың саяси мінез-құлқының, ұлттық психологиясының қалыптасу ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ хандығының алға қойған саяси-әлеуметтік талабы қазақ деген ұлттық сананы рулық, жүздік ұғымның шеңберінен асырып, түбі бір тұтас мемлекеттік дәрежеге көтеру болды. Олардың арманы қазақ жұртын қабырғалы мемлекет қатарына қосу еді.

Ұлттық мемлекеттілік, билеп отырған халқының бағын ойлаған хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген ұлы билер дәстүрлері; ата-бабаларымыздың халқымызға тән шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруы, таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан үлесі, батырларымыздың ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы жаулардан қорғауы зерделенеді.

**Тірек сөздер.** Мемлекет, мемлекетшіл тұлға, хан, қазақ хандығы, ұлт, қоғам, ру басы, даналық, руханилық.

### Негізгі ережелер

Қазақ қоғамы тұлғааралық қатынастар тірегі, құндылықтар тұрақтылығы мен сүбелі рухани реттеуге негізделген. Ол экономикалық қатынастардан асып түсетін тұлғалық қатынастар фундаментализмі арқылы сипатталады. Бұл қоғамда халық үшін үлкен мәні бар жалпы құндылықтар бар, ол ерекше табиғи рухани өзара байланыстар арқылы көрініс табады. Философиялық қатынаста мемлекет әлсіз болған сайын этникалық қауымдастыққа табиғат ортасының әсері көбірек болады. Табиғат қазақтар үшін абсолютті және мәңгі бастау, өзіндік іс атқаратын, тіршілік себептері мен факторлары, белсенділік пен даму негіздері бар жалғыз орта. Адамдарға алғашында табиғат заңдылықтарына бағынуына, табиғат апаттарынан қашып, оның себептерін ұғынып, өз болмысын құруына тура келді.

Мемлекет дегеніміз нақты аумақта бір немесе бірнеше халықтың басын біріктіруші, мүдделерін қорғаушы саяси-құқықтық жүйе. Бұл жүйенің пайда болуы да, ондағы басқару тетіктерінің қалыптасуы да ұзақ мерзімді қажет етеді. Қазақ халқының өз мемлекеттілігін құру жолындағы саяси күресі ондаған ғасырға созылатын күрделі саяси-тарихи үрдіс. Бұл мәселе қазақ халқын құрайтын ру-тайпалар кезеңінен бастау алып, Қазақ хандығының құрылуы, оның ішкі саяси дамуы, тікелей саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани

байланыстары, иерархиялық қатынастары, өзінің саяси құндылықтар жүйесінің түзілуі, халықтың саяси мінез-құлқының, ұлттық психологиясының қалыптасу ерекшеліктері талай рет тарих тезіндегі қатаң сынақтардан өтті. Далалық мемлекеттің табиғатын жете түсіну үшін «мемлекет» және «мемлекеттілік» ұғымдарының арақатынасын ашудың маңызы зор. Себебі мемлекеттілік туралы мәселе – бұл бір аймақты екіншісінен бөліп тұратын әлеуметтік кеңістіктің әуелгі шекарасы. Демек, қазақ мемлекеттілігі Қазақ хандығы аясында шектеліп қалмайды. Өйткені біздің мемлекеттілік ұғымымыз қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуын ғана емес, түркі этносының ғұмырында ұзақ жылдар бойы жүріп келген мемлекеттік-құқықтық үдерістерді де меңзейді. Ендеше, қазақ мемлекеттілігін теория жүзінде ұғыну үшін мемлекеттік билікті генезисінен, ертедегі дала мемлекеттерінен бастап, қазақ хандарының жаңғыртуларына дейін зерттеу қажет. Қазақ хандығы өн бойына дала мемлекеттілігінің барлық салттарын жинақтаған иерархияланған әлеуметтік-саяси құрылым болды.

Қазақ хандығы дербес, этникалық тұрғыдан біртұтас тілге, жалпы мемлекеттік аумаққа ие мемлекетке айналды. Алғашқы қазақ мемлекетінің хандық түрінде құрылуы тайпалардың этникалық жағынан жақын топтарының саяси бытыраңқылығын жеңуге көмектесті, қазақ рулары мен тайпаларының бірігуіне ықпал етті. Қазақ хандығының Қазақстан аумағындағы бұрынғы мемлекеттік құрылымдардан айырмашылығы, XVI ғасырдың басынан бастап анағұрлым күшті этникалық негізге ие болды, оған біртіндеп қазақ ұлтын құрайтын барлық дерлік этникалық топтар, олар өмір сүрген кең аумағымен бірге кірді. Егер қазақ мемлекеттілігі этникалық қауымдастықтың бірігуіне көмектескен болса, онда этникалық қауымдастықтың өзі қазақ ұлты түрінде бұл мемлекеттілікті нығайтты.

## **Кіріспе**

Қазақ хандығы – көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы-мен айналысқан феодалдық мемлекет болды. Оның көшпелі және жартылай көшпелі далалық өңірінде патриархалдық-феодалдық қатынас басым болды, ал отырықшы, егінші аймақтарда феодалдық қатынас қалыптасты. Қазақ хандығында облыстық басқару жүйесі емес, ұлттық (ру-рулар бойынша) басқару жүйесі қолданылды. Басқару жүйесінде ру-тайпалық тәртіп сақталып отырды. Туыстығы жақын он шақты түгін бір ауыл, ал жеті атадан тараған бірнеше ауыл бір ата (аймақ) болды. 13-15 атадан қосылатын аймақтар бір ру болды. Осы рулардан тайпа құралды. Қазақ қауымы үш жүзге бөлінді. Ол қазақ хандығына бағынды. Хан – қазақ хандығының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқын қолына ұстады. Жүздерді кіші хандар, ұлыстарды сұлтандар, тайпаларды билер, руларды ру басылары, аймақтарды (аталар) ақсақалдар, ауылдарды ауыл ағалары басқарды. Бұл жеті сатылы басқару жүйесі көшпелі қазақ қоғамында тым ертеден келе жатқан тәртіп болатын.

## **Материалдар мен әдістерді сипаттау**

Қазақ хандығына біріккен рулардың негізгі шаруашылығы – мал шаруашылығы болды. Азық-түлік, керек-жарақтың бәрін малдан өндірді. Көрші халықтармен де сауданы мал арқылы жүргізді. Халықтың ұлығы – хан болды. Хан халықтың маңызды, ірі мәселелерін шешіп, көрші халықпен қарым-қатынасты, сыртқы мәселелерді басқарып, даулы істерді шешіп отырды. Сондықтан рулардан алым-салық алып отырған. Әр рудың басы – ақсақалдар болды, рудың ішкі жұмыстарын солар басқарды. Қазақтың Керейден кейінгі ханы оның баласы – Бұрындық болғанмен, негізінде, іс жүзінде Жәнібектің баласы – Қасым хан басқарды. Қасым хан тұсында хандық күшейе түсті, халықтың саны миллионға жетті. Себебі, Қасым хан халық қамын ойлайтын хан болды, бейбітшілік сақтап, шаруашылықты өркендетуге тырысты. «Қасым ханның қасқа жолы» деген сөз қалғаны да осыдан болуы керек. Бұл заң қазақ арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып ережелері негізінде жасалды. Бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Сол үшін, ол Қасым ханның атымен байланыстырылып: «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Әйгілі тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди» кітабында: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай күдіретті ешкім болған емес» дейді [1]. Қасым хан өлгеннен кейін сұлтандар мен феодалдардың өзара бақталасы, қырқысы күшейді. Сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде, өзара қырқысуының зиянды зардаптары хандықты әлсіретуге әкеп соқты.

Қасым ханнан кейін Мамаш, Жәдік, Тайыр, Бұйдаш, Шығай сияқты төрт-бес хан ауысады. Шығайдан кейін оның баласы Тәуекел хан болады. Ол Бұхар хандығына шабуыл жасап, жараланып, қайтыс болады. Орнын оның інісі Есім хан басады. Бұл кезде Жоңғар хандығы күшейіп, қауіпті жауға айналып тұрған кез болатын. Есім хан көбінесе Жоңғардан қорғану, халықтың дербес ел болып қалу шараларын іздейді. Осыдан «Есім ханның ескі жолы» деген сөз қалған. Бәрібір Есім ханға жоңғармен соғысуға тура келеді. Ол ел арасында Еңсегей бойлы – Ер Есім деген атпен белгілі болды. XVI ғасырда қазақ хандығы солтүстікте құрылған Сібір хандығымен (орталығы Түмен ) шектесті. 1563 жылы Шайбани әулеті мен Тайбұғы руы арасындағы ұзақ жылғы күрестен кейін Сібір хандығы Шайбани әулеті Көшім ханның қолына көшті. 1628 жылы Есім хан қайтыс болғаннан кейін орнына Жәңгір хан болған. Есім ханның баласы Жәңгір хан жоңғармен мықтап соғысады. Жәңгірден кейін Тәуке хан бар өмірін жоңғармен соғыспен өткізеді. Тәуке хан алдымен елді басқаруға ыңғайлы болу үшін Үш жүзге бөледі. Әр жүздің басшысын тағайындайды. Өзінің атақты заңын шығарады. Жәңгірдің баласы Тәуке хан (1680-1718) тұсында қазақ хандығының бірлігі күшейе түсті. Ол қазақ тарихында «Әз Тәуке», «адамзаттың данасы» деп аталды. Ол бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға күш жұмсады. Феодал шонжарларының өкілдері мен билерден құралған «хандық кеңестің» және «билік кеңесінің» рөлін арттырды. Жыл сайын Ташкент қаласының түбіндегі Күлтөбеде үш жүздің басын қосқан

құрылтайын ашып отырды. Тәуке хан беделді билерге арқа сүйеп, феодал аксүйектерді, сұлтандарды әлсіретуге тырысты. Жүздер мен ұлыстар арасындағы үлкен даулар билер кеңесінде, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер алдында шешілетін болды. Тәукенің тұсында «Жеті жарғы» деген атаумен әдеттегі құқық өлшемдерінің жинағы құрастырылды. Мұнда феодалдық құқық тәртібі мен мемлекеттік құрылымның негізгі шарттары белгіленді. Сөйтіп, қазақ халқының тарихында ірі құқықтық өзгерістер енгізді. «Жеті жарғы» сол заманға сай құқықтық құжат қана емес, сонымен қатар көшпелі қазақ халқының этникалық, шаруашылықты ұйымдастыру және жағрафиялық ерекшеліктеріне сай келетін аса құнды ескерткіш. Бұл көшпелі қазақтардың ел билеу заңы болып табылады. Онда әкімшілік, қылмысты істер, азаматтық құқық өлшемдері, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізіліп, ол қазақ қоғамы өмірінің барлық жағын қамтыды. Оның жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ қоғамында заңдылықты, тәртіпті нығайтудағы рөлі де зор. «Жер жүзіндегі қандай да бір елдің арман-тілегі де, мақсат-мүддесі де мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздігі, осы ұлы түсінік ұлттық санасының негізгі мазмұнын құрайды. «Жеті жарғының» ел құрметіне бөленіп, шежіреші және кеменгер ақсақалдарының жадына берік жазылуына негізгі себепкер оның ережелерінің қазақ ұлтының мемлекеттілігі мен құқықтық өзіндігінің жаршысы екендігінде» [2].

## **Нәтижелері**

Жеке отау тігіп, өз мемлекетін құрған қазақ елі үшін ХҮ-ХҮІ ғасырларда ең басты мәселе – жаңа құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау болды. Қоғамдық ой-сана, халықтың аңсары – ұлттық тұңғыш мемлекетті сақтап қалу болды. Ру-тайпаларды бір орталыққа бағындырып, ішкі алауыздықты тиятын, сыртқы дұшпандарға тойтарыс беретін, елдің қамын жейтін әмірші керек екенін халық жақсы түсінді. Мемлекет күшті болу үшін ақылды да айбарлы хан керек екенін біліп, хандық идеяны дәріштеді. Хандық идеологияны жақтап, үгіттеуге бар күшін салған жыраулар мен би-шешендер өздерінің құдіретті сөзімен, үлгі ісімен көп еңбек сіңірді. Мемлекеттік-саяси жоралғының негізі хан сайлау жүйесі еді. Ақ киізге көтеру салты – халық пен ел билеуші ынтымағының белгісі, мемлекеттің тұтастығы мен беріктігі үшін қажетті этногенетикалық интеграцияның дәлелі іспетті. Қазақ хандығы ішкі саяси ахуалдағы көрнекі өзгерістерді қиындатқан жаңа тарихи талаптардың бар ауыртпалығын өз мойнына алды. Қазақ даласында өзінің құрылымына сәйкес басқару жүйесі болған және негізгі субъектілері хан мен хан кеңесшілері – сұлтандар, би-шешендер, батырлар, ру басы ақсақалдар еді. Олар қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік мәселелерінің негізін шешетін кеңес мүшелері еді. Қазақ тарихынан мол мағлұмат жинаған зерттеушілердің бірі А. И. Левшин «қанша жерден хан мұрагері аксүйек болғанмен, ол ақылымен, ел ісін атқара алатын парасаттылығымен және т.б. қасиеттерімен ерекшеленіп, дауыс берушілердің

ойынан шықпаса, онда ол халық сайлауында көп дауыс ала алмайды» [3, 366] деген пайымдауы қазақтың хан таңдауының тура бағасы болып табылады.

## Талқылау

Хан халықтың жанын түсініп, рухын көтере білді. Сол үшін де халық оларды қадірлеп, қастерледі. Бұқар Абылайдың бойынан кереметтей ел басқарушылық қасиетін таныса, Абылай хан өзі құрған мемлекеттік саясатында Бұқар жыраудың айтқан ақыл-кеңесіне құлақ асып отырған, Бұқардың бойынан болашақты болжағыш, әулие, дарын иесі екенін көрген. «Бұқар жыраудың толғау жырларының қайсысы болмасын, мысалы, «Садыр қайда барасың», «Айналасын жер тұтқан», «Ай, Абылай, Абылай», «Ей, заман-ай, заман-ай», «Ашуланба Абылай» тағы басқалары қоғам өмірінің айнасы, халықтың басынан кешкен тіршілігінің бірден-бір тарихи көзі болып есептеледі. Біз бүгінгі күнде сол өткен зұлмат заманның әрбір кезеңін, әрбір тарихи қайраткерін, олардың жеке дара мінездерін, қабілетін мұқиятты түрде сипаттап жырмен жеткізгенін байқаймыз» [4, 20 б.]. 1711-1781 жылдары өмір сүрген Абылай хан да өз заманының перзенті болатын. Өзінің ең негізгі мақсаты ретінде күшті, тұрақты, қуатты Қазақ хандығын құруды көздеген Абылай 1771 жылы Түркістанда Орта жүздің ханы болып сайланды. Абылай Қытай империясы мен Ресейдің арасында қалған Қазақ хандығының халықаралық саяси жағдайының күрделілігін ескере отырып, осы екі мемлекетпен терең саяси қатынастарды алғашқы орынға қою қажеттілігін түсінді. Құқықтық тұрғыдан Абылай қатаң заңнама қолдаушысы болды. Бірлікке ынталандыру арқылы күшті орталық билік құрған хан бірлікті баянды қылу үшін отырықшы мәдениетке баулуға тырысады. Осы ойларын толыққанды жүзеге асыру үшін Абылай Орта Азияға ықпал етудің маңызды кілті Түркістан аймағын өзіне қаратып, хандықтың экспансиясы үшін жаңа мүмкіндіктер ашты.

Абылайдың арманы – елінің тыныштығын қорғап қалу, ерінің мойнына бұғалық кигізбеу, қазіргі тілмен айтқанда: Қазақстанның тәуелсіздігін сақтау. Өйткені Бұқар қария айтқандай:

Бір жағында орыс,

Бір жағында шүршіт тұр.

Тап бергенде, шап беріп,

Қайтпексің баудай жайратса? [5, 104 б.]

Сондықтан да елің мен ел билеушілерінің ниеті бір жерден шығу керек. Біреуі билік пен мансаптың құлына айналып, айналасын жарылқаудан аспаса, екіншісі қарын қамын күйттеп, күйбең тіршілік пен сүйрең сөзді қуып жүрсе, онда қазақ көші қисайды, түзелмеске кетгі дей беріңіз! Ханын қинаған қара оңбайды, Хан қисайса – ел оңбайды - [5, 104 б.] деген осындағы Едіге бидің сөзі кешеге де, бүгінге де бағышталып айтылған. Тіршілікте кейде таудай таланттының бәріне бармақтай бақ бұйыра бермейді. Талант атаулының бағы жанып, бағасын алудың сәті түспеуі әбден мүмкін. Біліктілердің жол ортада қалып, бишік ұстағандардың билік басына өтіп кететін тұстары бар, ал бірақ жаратушы

Иеміздің сол бір тұста қазақ жұртына мейірі түсіп, шын жаны ашыған болуы керек, билік тізгінін Абылайдың қолына ұстатып, оған жаужүрек батырлық пен өжеттікті ғана емес, көрегендік пен көсемдікті, даналық пен дархандықты қатар дарытқанын қайтерсің!

Абылай хан – Қазақстан тарихындағы тағдырлы бір кезеңнің күллі тауқыметін бойына жүктеген тұтас бітімді тұлға. Қазақ елінің айбынын асыру мен ордасын орнықтыру маңызды міндет еді. Бұл ретте Абылайдың мемлекетшіл парасаты, жаужүрек батырлығы, кемел қолбасшылығы, көреген қайраткерлігі, сұңғыла бітімгерлігі айқын көрінді. Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық – бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады.

### **Қорытынды**

Қазақ хандығының аумағы және шекарасы болды, аймақтағы мемлекеттер мен одан тыс жерлерге өзінің күшіне сенімді егемен мемлекет ретінде жеткізді. Мемлекет өміршеңдігі Қазақ хандығының айқын жеткілікті ұйымдастырылған әскери ұйымының арқасында сақталды. Қазақ хандығының халықаралық-құқықтық тұлғасы қазақ мемлекетінің егемендігінің ажырамас бөлігі, оның елшілік құқықты жүзеге асыруда, әскери заңдар мен әдет-ғұрыптарды сақтауда, әртүрлі мемлекеттермен келісімшарттар жасаудағы көрінісі болды. Қоғам – халықтың бір-біріне деген қарым-қатынасы. Сондықтан қоғам дамуындағы әрбір қадам – бұл адамдық болмыстың, адамдық мәннің өзгеруі; қоғамда болып жатқан қиындықтар мен дағдарыстар – адамзат тіршілігіндегі қиындықтар мен дағдарыстар мәні. Қай кезде болмасын қоғам дамуын түсіну үшін оның өткеніне үңілу керек. Сондықтан бүгінгі қоғам қажеттіліктерін білу үшін еліміз егеменді мемлекет болып, әлемнің көп елдерімен тереземіз тең болған кезде қазақ халқының қоғамдық-саяси, әлеуметтік мұралары мен рухани қазыналарын терең зерттеп, халықтың бай мәдениетін, фольклорын, философиясын өз дәрежесінде көрсете білуіміз керек.

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Дулати М.Х. Тарихи-Рашиди.- Алматы: Санат, 2000. I-кітап. –506 б.

[2] «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні) – Алматы: Жеті жарғы, 2012. – 192 б.

[3] Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. - Алматы, 1996.

[4] Әбілев Д., Қуанғанов Ш. Бұқар жырау // Мұрагер әл-манахы. - 1992. - № 1., 25-26 б.

[5] Бес ғасыр жырлайды: ХҮ ғасырдан ХХ ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. (Құрастырған. М.Мағауин, М.Байділдаев). - Алматы: Жазушы, Т.І. 1984.– 256 б.

## REFERENCES

- [1] Dulati M.H. Tarihi-Raşidi. (Tarihi-Rashidi)- Almaty: Sanat, 2000, I-kitap. – pp.506
- [2] «Jeti jarǵy» – memleket jáne qūyqy eskertkişi (zerttelui, derekter, tarihy, mätini) Seven Charters "- a monument of the state and law (research, data, history, text) – Almaty: Jeti jarǵy, 2012, p.192
- [3] Levşin A. İ. Opisanie kirgiz-kazachih ili kirgiz-kaisaskih ord i stepei. (Description of Kyrgyz-Cossack or Kyrgyz-Kaisat hordes and steppes)- Almaty, 1996.
- [4] Äbılev D., Quanǵanov Ş. Būqar jyrau. Mūrager äl-manahy., (Bukhar Zhyrau. Murager al-manakh) 1992. , No. 1, pp. 25-26
- [5] Bes ğasyr jyrlaidy: HÜ ğasyrdan HH ğasyrдыñ bas kezine deıngı qazaq aqyn-jyraularynyñ şyǵarmalary. Üş tomdyq. (Five centuries stories: works of Kazakh poets from the XV century to the beginning of the XX century. Three volumes). (Qūrastyrǵan. M.Maǵauin, M.Baidıldaev), Almaty: Jazuşy, T. No.I., 1984., p.

## ГОСУДАРСТВЕННОСТЬ В ПЕРИОД КАЗАХСКОГО ХАНСТВА И ИДЕЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ЛИЧНОСТИ

\*Ошакбаева Ж.Б.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>кандидат философских наук, главный научный сотрудник  
Институт философии, политологии и религии Комитета науки Министерства  
образования и науки,  
Алматы, Казахстан, [zhazira\\_beka@mail.ru](mailto:zhazira_beka@mail.ru)

**Аннотация.** В статье рассматривается политическая борьба казахского народа за утверждение своей государственности, становление Казахского ханства, его внутривнутриполитическое развитие, политические, экономические, социальные и духовные связи, иерархические отношения, формирование собственной системы политических ценностей. Политическое и социальное требование Казахского ханства заключалось в том, чтобы поднять национальное сознание казахского народа за пределы понятия трибализма, до уровня единого государства. Их мечтой было сделать казахский народ обнесенным стеной государством

Национальная государственность, традиции великих королей, дававших советы ханам, заботившимся о своем народе, стране и государстве; формирование экономической системы наших предков, вклад наших героев в мировую цивилизацию через создание удивительных этнокультурных моделей, защиту независимости страны и целостности Родины от внешних врагов.

**Ключевые слова:** Государство, государственный деятель, хан, Казахское ханство, нация, общество, род, мудрость, духовность.

## THE IDEA OF STATEHOOD AND STATE PERSONALITY IN THE ERA OF THE KAZAKH KHANATE

\*Oshakbayeva Zh.B.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Candidate of Philosophical Sciences, Chief Researcher  
Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies KN MES RK,  
Almaty, Kazakhstan, [zhazira\\_beka@mail.ru](mailto:zhazira_beka@mail.ru)

**Summary.** The article deals with the political struggle of the Kazakh people for the establishment of their statehood, the formation of the Kazakh Khanate, its internal political development, political, economic, social and spiritual ties, hierarchical relations, the formation of

their own system of political values, political values. behavior, national psychology. The political and social demand of the Kazakh Khanate was to raise the national consciousness of the Kazakh people beyond the generic concept, zhuz, to the level of a single state.

The national statehood, traditions of the people's khans and great biys who gave them advice from the point of view of the country and the state, the contribution of our ancestors to the world civilization through the formation of the economic system , the creation of amazing ethno-cultural patterns, the protection of the independence and integrity of the country from external enemies are studied.

**Keywords:** State, state personality, Khan, Kazakh Khanate, nation, society, ancestor, wisdom, spirituality.

*Статья поступила 10.09.2021*